

Сулейман Демирел университеті Олимпиадасы

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Сулейман Демирел университеті СДУ олимпиадасын (бұдан әрі – олимпиада) өткізу ережесі бүкіл білім беру мекемелеріндегі оқушылардың олимпиадалық міндеті мен мақсатын, жалпы және орта білім беру бағдарламаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын өткізу тәртібін айқындайды.

1.2 Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

- оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін анықтау;
- ғылыми-зерттеу қызметі мүддесіне ынталандыру;
- дарынды оқушыларға қолдау көрсету үшін қажетті жағдайлар жасау;
- оқушылар арасында ғылыми білімдерді тарату мен насихаттау.
- СДУ олимпиадасын өткізу арқылы оқушыларды Сулейман Демирель атындағы университетке түсуге дайындау, Қазақстан Республикасында білім беделін арттыру болып табылады.

2. Олимпиада өткізу тәртібі

2.1 Олимпиада белгіленген мерзімде: оқу жылының екінші жартыжылдығында өткізіледі.

2.2 Олимпиадаға қатысушылар sdu.edu.kz ресми сайты арқылы тіркеледі. Тіркелу уақыты олимпиада жұмысынан 30 күн бұрын басталып, олимпиада күніне 5 күн қалғанда тоқтатылады. Белгіленген уақыт аралығында тіркелмегендер олимпиадаға қатыса алмайды.

2.3 Олимпиадаға оқушы ҰБТ-ға дайындалатын таңдау бағыты бойынша қатыса алады.

2.4 Олимпиада тапсырмалары СДУ мамандықтарына сәйкес бес кластер бойынша дайындалады:

2.4.1 «5B070400 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»; «5B070300 Ақпараттық жүйелер»; «5B010900 Математика», «5B060100 Математика (ғылыми)», «5B012800 Физика-Информатика» бағыттары бойынша

А) Физика - 25 сұрақ*1,5 балл = 37,5 балл

В) Математика – 25 сұрақ*1,5 балл = 37,5 балл

С) Ағылшын тілі – 50 сұрақ*0,5 балл = 25 балл

Барлығы – 100 балл

2.4.2 «5B050900 Қаржы», «5B050800 Есеп және аудит», «5B050600 Экономика», «5B051100 Маркетинг», «5B050700 Менеджмент» бағыттары бойынша

А) География - 25 сұрақ*1,0 балл = 25,0 балл

В) Математика – 25 сұрақ*2,0 балл = 50,0 балл

С) Ағылшын тілі – 50 сұрақ*0,5 балл = 25 балл

Барлығы – 100 балл

2.4.3 «5B011900 Шетел тілдері: екі шет тілі», «5B020700 Аударма ісі», «5B021000 Шетел филологиясы», «5B020200 Халықаралық қатынастар» бағыттары бойынша

А) Ағылшын тілі – 50 сұрақ*1,5 балл = 75 балл

В) Оқу сауаттылығы – 25 сұрақ*0,5 балл = 12,5 балл

С) Тарих - 25 сұрақ*0,5 балл = 12,5 балл

Барлығы – 100 балл

2.4.4 «5B011700 Қазақ тілі мен әдебиеті», «5B020500 Филология (қазақ)», «5B050400 Журналистика» бағыттары бойынша

А) Оқыту тілі және әдебиет – 50 сұрақ*1,0 балл = 50 балл

В) Оқу сауаттылығы – 25 сұрақ*0,5 балл = 12,5 балл

С) Тарих - 25 сұрақ*0,5 балл = 12,5 балл

Барлығы – 100 балл

2.4.5 «5B030100 Құқықтану», «5B030200 Халықаралық құқық», «5B020300 Тарих» бағыттары бойынша

А) Адам.Қоғам.Құқық. - 50 сұрақ*1 балл = 50 балл

В) Оқу сауаттылығы – 25 сұрақ*1 балл = 25 балл

С) Тарих - 25 сұрақ*1 балл = 25 балл

Барлығы – 100 балл

2.4.6 «5B012500 Химия – Биология» бағыты бойынша

- А) Химия - 25 сұрақ*1,5 балл = 37,5 балл
В) Биология – 25 сұрақ*1,5 балл = 37,5 балл
С) Ағылшын тілі – 50 сұрақ*0,5 балл = 25 балл

Барлығы – 100 балл

2.5 Емтихан ұзақтығы - 150 мин.

2.6 Жеңімпаздар әр кластер бойынша анықталады. Жүлделі орындарға ие болған оқушылар **балл көрсеткішіне сәйкес таңдаған кластердегі мамандық бойынша** оқуға түсе алады, берілген жеңілдіктерді СДУ ережесіне сәйкес пайдалана алады.

2.7 Екі оқушы бірдей балл жинағанда, Ұйымдастыру комитеті шешуші орган болып табылады.

2.8 Олимпиада сұрақтарында қателік немесе кемшілік анықталған жағдайда, жарамсыз сұрақ болып, есепке алынбайды және қалған сұрақтар бойынша нәтижесі есептеледі.

3. Олимпиада оқушылары

3.1 Олимпиадаға жалпы орты, кәсіптік орта білім беру мекемелерінің бітіруші сынып оқушылары қатысады.

4. Апелляция өткізудің тәртібі

4.1 Жұмыстарды бағалау барысында барынша әділдікті қамтамасыз ету үшін тапсырмаларды апелляцияға өтініш білдірген оқушымен бірге талқылайды. Бұл іс-шараның мақсаты – жұмыстарды бағалауда қазылар алқасы мен қатысушылар арасында өзара толық түсіністікке қол жеткізу.

4.2 Апелляцияға өтініш беру Олимпиада нәтижелері жарияланғаннан кейін 24 сағат ішінде қабылданады. Апелляция 3 күн бойы жүргізіледі, бұл мерзім өткен соң өтініштер қабылданбайды.

5. Олимпиадаға қатысушыларды марапаттау

5.1 Олимпиаданың ашылуы, қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау салтанатын өткізу ұйымдастыру комитетінің шешімі негізінде іске асырылады.

5.2 Сулейман Демирель атындағы университет олимпиадасының жүлдегерлері төмендегідей марапатталады: **әр кластер бойынша**

I, II, III орын –СДУ грант иегері сертификаты;	(1-2-3)
IV, V, VI орын– оқу ақысына 50 % жеңілдік	(4-5-6)
VII, VIII, IX орын– оқу ақысына 30 % жеңілдік	(7-8-9)
X, XI, XII орын– оқу ақысына 25 % жеңілдік	(10-11-12)
XIII, XIV, XV орын– оқу ақысына 20 % жеңілдік	(13-14-15)
XVI – L орын– оқу ақысына 15 % жеңілдік	(16-50)

Осы алған грант және жеңілдігі бойынша алған балына сәйкес төменде көрсетілген мамандықтарға қабылданады.

№	Мамандықтар	Балы
1	5B050900 - Қаржы	85 бал
2	5B050800 - Есеп және аудит	85 бал
3	5B011900 - Шетел тілдері: екі шет тілі	85 бал
4	5B030100 - Құқықтану	85 бал
5	5B070300 - Ақпараттық жүйелер	85 бал
6	5B070400 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	85 бал
7	5B020200 - Халықаралық құқық	80 бал
8	5B060100 - Математика(ғылыми)	50 бал
9	5B050700 - Менеджмент	50 бал
10	5B030200 - Халықаралық қатынастар	50 бал
11	5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті	50 бал
12	5B050400 - Журналистика	50 бал
13	5B050600 - Экономика	50 бал
14	5B051100 - Маркетинг	50 бал
15	5B020700 - Аударма ісі	50 бал
16	5B021000 - Шетел филологиясы	50 бал
17	5B010900 - Математика	50 бал
18	5B012800 - Физика Информатика	50 бал
19	5B012800 - Химия Биология	50 бал
20	5B020300 - Тарих	50 бал
21	5B020500 - Филология (қазақ)	50 бал

5.3 Олимпиада нәтижесі бойынша ағылшын тіліндегі оқу бағдарламаларында білім алатын үміткерлердің (тілдік дайындық мектебінсіз) 1-курсқа оқуға қабылдау үшін жеткілікті тілдік деңгейін Ұйымдастыру комитеті анықтайды.

6. Олимпиада жүлдегері жеңілдіктерінің жойылу тәртібі

6.1 Төменде көрсетілген жағдайларда СДУ олимпиада жүлдегерлері жеңілдіктерінен айырылады:

- Білім алушы оқу жылдары барысында жеңілдік алған мамандықтан басқа мамандыққа ауысқан жағдайда;

- Олимпиада жеңімпаздары семестр қорытындылары бойынша GPA көрсеткіші 3.0-ден төмен болған жағдайда;

Жеңілдік кері қайтарылмайды.

6.2 Олимпиада жүлдегерлері (СДУ гранты не болмаса кез келген жеңілдік) қолдану барысында басқа жоғары оқу орнына ауысқан жағдайда, тәртіп бұзушылықпен байланысты Университеттен шығарылған немесе Университетте білім алуды жалғастырғысы келмеген жағдайда, Университетке оқу төлем ақысына кеткен бүкіл шығынды қайтарауға міндетті.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Абылай хан көшесі, 1/1, Сулейман Демирел атындағы университет

Байланыс телефондары: 87273079565 (231) / 8702 000 11 33